Ұ й ғ а р ы м

2024 жылғы 18 қараша Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Сәрсекеев,, азаматтық іс бойынша шешімде жіберілген қате жазуды түзету туралы сұрақты қарап,

АНЫҚТАДЫ

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 16 мамыр талап Астана қаласы әкімдігінің "Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер Каусар-сом ЖК – не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы қанағаттандырылды.

ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің 235-бабына сәйкес бұдан әрі (АПК) сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша қате жазуларды немесе көрінеу арифметикалық қателерді түзете алады.

Іс материалдарын зерделеу барысында соттың шешімінде қате жіберілгені анықталды.

Осыған байланысты сот, шемішмге қате жазуларды түзетуді енгізу қажет деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 235, 268, 269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 16 мамыр шешімінің бүкіл мәтімінде «Сарымбаев Рустем Ермекович» деп жазылсын.

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

Судья **К.Б. Сәрсекеев**

Көшірме дұрыс:

Судья **К.Б. Сәрсекеев**

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 18.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Сәрсекеев К. Б., 19.12.2024
7119-24-3-1/5251

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 мамыр Іс №7119-24-00-2/5500 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Каусар-сом" Сарымбеков Рустем Ермеков жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"Каусар-сом" Сарымбеков Рустем Ермеков жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Каусар-сом" Сарымбеков Рустем Ермеков жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің "Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына тұрақсыздық айыбы 5 220 (бес мың екі жүз жиырма) теңге және мемлекеттік баж соммасы 156 (бір жүз елу алты) теңге 60 тиын өндірілсін.

"Каусар-сом" Сарымбеков Рустем Ермеков жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 846 (бір мың сегіз қырық алты) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып,

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 16.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Сәрсекеев К. Б., 25.07.2024
7119-24-3-1/5251

шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Қ.Б.Сәрсекеев**

Көшірме дұрыс:

Судья **Қ.Б.Сәрсекеев**

Ақпарат: шешім 24 маусым 2024 жылы заңды күшіне енді

Судья **Қ.Б.Сәрсекеев**

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Сарсекеев К. Б., 25.07.2024

7119-24-3-1/5251